

**"Мемлекеттік нотариат туралы заңдарды шет ел азаматтарына, азаматтығы жоқ адамдарға, шет елдік заңды тұлғаларға қолдану, сондай-ақ құқықтық көмек туралы халықаралық шарттарды нотариалдық практикада пайдалану туралы" уақытша нұсқаулы хат**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Әділет министрі бекіткен 1996 жылғы 19 қазан Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 29 қарашада N 226 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 4 қарашадағы N 325 (V043191) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 12 бабына және Қазақстан Республикасы Президентінің "Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасындағы құқықтық жағдайы туралы" заң күші бар Жарлығының 3-бабына сәйкес шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасында, егер Конституцияда, заңдар мен халықаралық шарттарда басқаша қарастырылмаған болса, Қазақстан азаматтарына белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді орындауға тиіс. Шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға нотариалдық қызмет көрсету кезінде нотариус мынадай тәртіптерді сақтауға тиіс:

1. Шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар қазақстандық азаматтармен бірдей республиканың мемлекеттік нотариалдық кеңселерінің қызметін пайдалануға құқылы (Қазақ КСР "Мемлекеттік нотариат туралы" Заңының 80-бабы).

Олардың өтініші бойынша нотариус республика заңдарында қарастырылған кез-келген нотариалдық әрекеттерді жүзеге асыруға міндетті.

Нотариалдық әрекеттерді жүзеге асыру мәселелері бойынша шет ел азаматтарының өзі немесе олардың өкілдері өтініш жасай алады.

2. Нотариалдық әрекеттерді жүзеге асыру кезінде шет ел азаматтары нотариат туралы заңдарда қарастырылған құжаттарды нотариуске тапсыруға міндетті.

3. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың кім екендігін нотариус ішкі істер органдары берген Қазақстан Республикасында тұру белгісі бойынша анықтайды.

Қазақстан Республикасында уақытша жүрген шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың кім екендігі белгіленген тәртіпте тіркелген шетелдік төлқұжаттары немесе оларды алмастыратын құжаттары бойынша анықталады.

4. Шет ел азаматының азаматтық әрекет қабілеттілігі өзі азаматы болып

табылатын елдің заңымен анықталады. Азаматтығы жоқ адамдардың азаматтық әрекет қабілеттілігі оның тұрақты мекен-жайы орналасқан елдің заңымен анықталады.

Алайда бұл адамдардың Қазақстан Республикасында жасайтын мәмілелеріне қатысты азаматтық әрекет қабілеттілігі Қазақстан заңы бойынша анықталады. (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 17-бабы (Жалпы бөлім).

5. Шет елдің заңды тұлғалары республиканың мемлекеттік нотариалдық кеңселерінің қызметін пайдалануға құқылы ("Мемлекеттік нотариат туралы" Заңының 30-бабы).

Шет елдің заңды тұлғалары, негізінен, құрылтай құжаттарының көшірмелері мен аудармаларының, соның ішінде жеке алғанда шетелдік фирмалардың жарғылары көшірмелерінің, сондай-ақ сауда тізілімінен алынған жазбалардың дәлдігін куәландыру үшін келеді.

6. "Мемлекеттік нотариат туралы" Заңының 83-бабына сәйкес шет елдің өкімет органдарының қатысуымен жасалған немесе олардан шыққан құжаттарды нотариус, егер бұл құжаттар:

1) Қазақстан Республикасының шет елдегі елшілігінде не консулдық мекемесінде;

2) Шетелдік мемлекеттің аумағында Қазақстан Республикасының мұндай мекемелері болмаған жағдайда, Ресей Федерациясының шет елдегі елшілігінде не консулдық мекемесінде;

3) Шетелдік заңды тұлғаның шыққан мемлекетінің Қазақстан Республикасындағы елшілігінде не консулдық мекемесінде ресмилендіріліп, содан кейін құжатқа қол қойған лауазымды адамның қолы мен жоғарыда аталған елшіліктің не консулдық мекеменің мөрінің шынайылығы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Бас Консулдық басқармасында куәландырылған жағдайда қабылдайды.

7. Консулдық ресмилендіру дегеніміз - құжаттардың сол шет елдік мемлекеттің заңдарына сәйкестілігін растау және сол құжаттардағы оларды басқа мемлекеттерде пайдалану мақсатымен қол қойған кісілердің қолдарымен өкілетті мемлекеттік органдардың мөрлерінің шынайылығын куәландыру.

Мысалы, шет елдерде шетелдік өкімет органдарының қатысуымен жасалған немесе солардың шыққан құжаттарды олардың көшірмелерінің немесе аудармаларының шынайылығын куәландыру үшін, сондай-ақ мұрагерлік істі құжаттау үшін ұсынылған сенімхатты және басқа да құжаттарды нотариус бұл құжаттар ресмиленгенде ғана қабылдауға құқылы.

8. Шет елде шетелдік өкімет органдарының қатысуымен жасалған немесе олардың шыққан құжаттарды мемлекеттік нотариалдық кеңселер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында және шетелдік ресми құжаттардың

кейбір түрлерін ресмилендіруді талап етпеу туралы өзара келісім негізіндегі Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған жағдайда ресмилендірусіз қабылдайды.

Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істерде құқықтық көмек пен құқықтық байланыс туралы Минск Конвенциясына (13-бап), Қазақстан Республикасы мен Монғолия арасындағы келісімге (36-бап), сондай-ақ Азаматтық және қылмыстық істерде өзара құқықтық көмек туралы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Келісімге (28-бап) сәйкес Қытай Халық Республикасы, Монғолия, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы, Молдава Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түркменстан, Өзбек Республикасы, Украина мемлекеттеріне дайындалған, арнаулы мекемеде сондай құзыр берілген өкілетті адамдар куәландырған және белгіленген қалыппен жасалған сол мемлекеттердің гербілік мөрімен бекітілген құжаттар Қазақстан Республикасы аумағында ресмилендірусіз қабылданады.

9. Нотариус шетелдік заңды тұлғалардың сенімхаттарын құжаттағанда немесе құжаттардың көшірмелері мен аудармаларының дұрыстығын куәландырғанда мемлекеттік нотариалдық кеңселердің нотариалдық істерді жүргізу тәртібі туралы Нұсқаулықтың YI, YII, YIII тарауларында талаптарды қатаң сақтауға м і н д е т т і .

Мысалы, сенімхатты құжаттағанда (немесе көшірмені куәландырғанда) іске алынған құжат бір парақта болып, оның сол жағынан сенімхаттың (не құжаттың көшірмесінің) шет ел тіліндегі мәтіні, ал қазақ не орыс тіліндегі аудармасы оқ жақта орналасуы керек. Мұндай жағдайда шет ел және орыс (қазақ) тілдеріндегі мәтіндерінің астына куәландыратын ортақ сөздер жазылады.

Аударма сондай-ақ жеке парақта да болуы мүмкін. Мұндай жағдайда құжаттың мәтіні толық, яғни, сенімхаттың мәтіні мен сенімхаттың расталғаны жөніндегі жазбалардың мәтіні (немесе құжат көшірмесінің мәтіні мен көшірменің дұрыстығы куәландырылғаны туралы жазбаның мәтіні) аударылады. Аударма мәтінінің астына аудармашының қолы шынайы екендігін куәландыратын құжаттың жазбасы жазылады.

Жеке парақта жасалған аударма сенімхатқа немесе құжаттың көшірмесіне тіркеліп тігіледі және нотариустың қолымен және мемлекеттік нотариалдық кеңсенің мөрімен бекітіледі.

10. Нотариус шетелдік азаматтар, азаматтығы жоқ адамдар және шетелдік заңды тұлғалар үшін нотариалдық әрекеттерді жүргізгенде құпияны және " Мемлекеттік нотариат туралы " заңда қарастырылған басқа да талаптарды сақтауға міндетті.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК